



СКАЛЯР ЖӘНЕ ВЕКТОРЛЫҚ ФИЗИКАЛЫҚ ШАМАЛАР

Оқу мақсаты: 7.1.2.2 – Скаляр және векторлық физикалық шамаларды ажырату және мысал келтіру

Бағалау критерийі: Білім алушы скаляр және векторлық шамаларды дұрыс ажыратып, нақты мысалдар келтіреді.

1-тапсырма: Кестемен сәйкестендіру. Кестедегі шамалардың **скаляр** немесе **векторлық** екенін анықтап, тиісті бағанға белгі қойыңыз.

Физикалық шама	Векторлық шама	Скаляр шама
 Жылдамдық		
 Жол		
 Көлем		
 Масса		
 Күш		
 Уақыт		

2 Оқушы физикалық шамалардың бағыты бар не жоқ екенін ажыратып, дұрыс жіктейді.

2-тапсырма: Түсіндірме жазу

Сұрақ: Скаляр және векторлық шамалардың айырмашылығын түсіндіріп жазыңыз.

Әрқайсысына кемінде екі мысал келтіріңіз.

2 Оқушы әр шама түрін нақты түсіндіріп, дұрыс мысалдар келтіре алады.

3-тапсырма: Қазақ дәстүрі мен шамалар


Сұрақ: Қазақ халқында ерте кезде бағыты мен шамасы бар қозғалыстарға назар аударған.

"Жолаушы желге қарсы келе жатыр", "аттың шабыс бағыты" сияқты тіркестерде

- 1) қандай векторлық шамалар байқалады?
- 2) кемінде 2 мысал келтіріңіз.

3 Оқушы қазақ халқының күнделікті өмірінен физикалық шамаларды тауып, оларды дұрыс сипаттайды.

4-тапсырма: Сыни ойлау және функционалдық сауаттылық. Екі оқушы бір бағытта қозғалды. Бірі – 4 км/сағ жылдамдықпен, екіншісі – 6 км/сағ. Скаляр шама мен векторлық шаманың айырмашылығын білу олардың қайсысы алда екенін түсінуге қалай көмектеседі? Суреттеп көрсетіңіз.



3 Оқушы қозғалыс бағыты мен шамасын салыстырып, шешім қабылдай алады.

Барлығы ____/10

 Білім – болашаққа бастар жол!

Сенің талпынысың мен еңбегің үлкен жетістіктерге жетелейді!   